**«И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2021–2022 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмыстарының есебі**

| **2021 – 2022 оқу жылы** | | |
|---|---|---|
| 1. | Ішкі істер бөлімінің есебінде оқушылар | жоқ |
| 2. | Лидер оқушылар | жоқ |
| 3. | Орамал (хиджаб) тағатын оқушылар | жоқ |
| 4. | Суицидке ұмтылған оқушылар | жоқ |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, руханиадамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылады. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілуі тиіс

Еліміздің орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз негізгі бағыт бойынша:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде 2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында мынадай жобалар іске асырылатын болады:

«Мектептің өзін-өзі басқаруы»; «Дебат» қозғалысы; «Оқуға құштар мектеп»; «Отбасы–мектеп»; «Құқықтық сана–қауымға пана»; «Дәстүр мен ғұрып»; «Еңбек–елдің мұраты»; «Үнем–қоғам қуаты», «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет», «Қоғамға қызмет»; «Музей сабақтары»; «Театр сабақтары» жобаларын басшылыққа ала отырып, мектептің тәрбие жұмысының жоспары мен сынып жетекшілердің де тәрбие жоспары жасалынып бекітілді.

Оқу жылы барысында, сынып жетекшілер жиналысы өткізіліп, 2020-2021 жылында атқарылған жұмыстарға талдау жасау арқылы жаңа оқу жылына міндеттер айқындалып, тәрбие жоспарының бағыттары мен жобалары таныстырылды. Жиналыс барысында сынып жетекшілерге оқушылардың, ата-аналары және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жинақтау тапсырылып, оқушылардың ата-аналары және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жинақталды.

Жаңа оқу жылында білім алушыларға мектеп формасы бойынша талаптар сақталатыны, сондай-ақ классикалық стилдегі ыңғайлы киімдегі мектеп формасы сақталуы керектігі таныстырылды.

2021 жылдың 1 қыркүйегінде 2-11-сыныптарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Жайна, жаса, Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 11«А» сынып жетекшісі Ұ.Ермекбаева, 10 «А» сынып жетекшісі Б.Бейсенова, 8 «А» сынып жетекшісі А.Сембаева «Жайна, жаса Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында сынып сағаттары тақта көрнекіліктермен безендіріліп өтілді.

Қыркүйек айы «Қауіпсіз мектеп» акциясы болып жарияланды. Қауіпсіз мектеп акциясы барысында 2021-2022 оқу жылында оқушылар мен ата-аналарына жолда жүру мен техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша нұсқаулықтармен таныстырылып, қол қойылды. Ата-аналармен «Бала еңбегін қанаудың алдын алу» бойынша ҚР-ның заңдары негізінде түсіндірме жұмыстарын жүргізіп таныстырылды.

Мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтауды қамтамасыз ету мақсатында мектеп қызметкерлерінен күндік кезекшілік түзілген. Кезекшіліктің мақсаты мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтауды қамтамасыз ету; мектептің ғимараты мен бұйымдардың, инвентарларының бүлінуіне немесе бұзылуына жол бермеу;оқушылар мен оқушылардың мектеп ішінде және аулада қозғалыс мәдениетін сақтауын қадағалау; сынып бөлмелері, дәлізбен аулада санитарлық-гигеналық тазалықты қамтамасыз ету; сабақтар мен үзілістер кестесін әр-түрлі уақыттарға қоюылуына орай, үзіліске шыққан сынаптардың басқа сыныптарға кедергі жасамауын қадағалау; оқушылардың келеңсіз мінез-құлықтарына жол бермеу.

Ең бірінші оқушылардың сабаққа қатысуы бойынша күнделікті жұмыстар жүргізіліп, бірінші назарда тұрды. Сабақтан жиі қалатын оқушылардың ата-аналарымен сынып жетекшілермен бірлесе отырып түсінік жұмыстары жүргізілді. Оқушыны сабақтан босату үшін ата-аналары тіл-хат жазып, жауапкершілігін өз мойнына алуы туралы міндеттелді.

2-11 сыныптарда «Мемлекеттік рәміздер туралы не білеміз ?»» тақырыбында сауалнама, сынақтар алынды.

Тіл мерекесі, қарттар мен ұстаздар күнін атап өту барысында сынып сағаттары мен ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

Мектептің өзін-өзі басқаруы жобасы бойынша Қазақстан Республикасында балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі балалар өкілдіктерінің жұмысы туралы ережемен 7-11 сынып оқушылары таныстырылды. Нәтиежесінде оқушылардың ұсыныстарымен «Өзін–өзі басқару » бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының көшбасшысы болуға 4 үміткер ұсынылды.

Олар: 11 «А»сынып оқушысы Тастан Диас
11 «А» сынып оқушысы Пашан Қаламқас
11 «А» сынып оқушысы Құралбек Ғазиз
10 «А» сынып оқушысы Буртебай Аружан

Аталған оқушылар сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүзеге асыру мақсатында оқушылармен кездесу өткізіп өз бағдарламаларын таныстырды. ДТІЖО мен оқушылардан құрылған мектепішілік сайлау комиссиясының ұйымдастыруымен 2021жылдың 8 қазан күні сабақтан тыс уақытта «Өзін-өзі басқару» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының көшбасшысының сайлауы болып өтті.

Мектепішілік сайлау нәтижесінде мектеп президенті лауазымына, атап айсақ 54, пайыз дауыс жинаған 11 «А» сынып оқушысы Тастан Диас сайланды.

«Өзін -өзі басқару» ұйымының президентін ұлықтау рәсіміне арналған салтанатты жиын болып өтті.

«Өзін-өзі басқару» ұйымы төмендегі құрамда жасақталды.

1. Тастан Диас11 «А» сынып оқушысы - «Өзін-өзі басқару» ұйымының көшбасшысы – Президенті
2. Пашан Қаламқас11«А» сынып оқушысы «Өзін-өзі басқару» ұйымының – Білім министрі
3. Нұралы Аяжан 11 «А» сынып оқушысы «Өзін-өзі басқару» мәдениет министрі

4. Әбдікәрім Мирас 11 «А» сынып оқушысы «Өзін-өзі басқару» ұйымының - Тәрбие министрі
5. Жұмахмет Мейіржан 11 «А» сынып оқушысы «Өзін—өзі басқару» ұйымының - Спорт министрі

Оқушылардың бойына патриоттық, Отаншылдық қасиеттерді дарытып, табиғат, экология, өнер, білім, ғылым, мәдениет бағытында тәрбиелеп, саналы ұрпақ даярлау.

«Өзін-өзі» ұйымының көшбасшылары 8-10 сынып оқушыларымен мектеп формасын сақтау мен тазалықты сақтау бойынша жиналыстар өткізілді.

«Өзін-өзі басқару» ұйымының ұйысдастыруымен «Жас суретшілер» сайысы өткізілді. Сайысқа 24 оқушы қатысып, нәтижесінде орын алған оқушылар бағалсы сыйлықтармен марапатталды.

Оқушылардың бос уақытын дұрыс пайдалану мақсатында мектеп жанындағы ашылған спорттық, жаратылыстану және гуманитарлық бағыттағы үйірмелерге тартылды. Атап айтсақ «Абайтану» үйірмесіне 30 оқушы, «Жас эколог» үйірмесіне 20 оқушы, «Жас шебер» үйірмесіне 40 оқушы және футбол үйірмесіне 40 оқушы. «Шебер қолдар» үйірмесінде 20 оқушы, «Өлкетану» үйірмесінде 20 оқушы, Волейбол үйірмесіне 20, баскетбол үйірмесіне 20 оқушы білім алуда. Арыс АПБ ЖПҚ КТІЖ УПИ полиция майоры Е.Бейдалиев пен ДТІЖО атқарылатын жұмыстар жоспары жасалынды 9-11 сынып оқушыларымен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жиналыс өткізілді. Күзгі демалыс кезінде оқушылардың жол және өмір қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтармен ата-аналар таныстырылып, қол қойылып қол хат алынды.

2021-2022 оқу жылының күзгі демалыс кезінде өткізілетін іс-шаралар жоспары жасалынды. Іс-шара негізінде «Алтын күз» тақырыбында 5-10 сыныптар арасында сурет байқауы өткізілді. Сурет байқауы өз дәрежесінде өткізіліп жеңімпаздар марапатталды.

«Жаман әдеттен жиренейік» тақырыбында 5-7 сыныптар арасында кіші футболдан жарыс өткізілді. Футбол сайысы өз дәрежесінде өткізіліп жеңімпаздар марапатталды. «Шахмат-ақыл ой спорты» тақырыбында 5-10 сыныптар арасында шахмат сайысын өткізіліп жеңімпаздар марапатталды. «Менің сыныбым тату» тақырыбында 8-11 сынып (ұлдар) арасында волейболдан сайыс өткізу Волейбол сайысы өз дәрежесінде өткізіліп жеңімпаздар марапатталды. «Дені саудың - тәні сау» тақырыбында үстел тенисі сайысы,7-11 сыныптар арасында өткізіліп, жеңімпаздар марапатталды.

5-9 сынып арасында «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында қолөнер сайысы, 5-10 сынып оқушылары арасында «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында жас ақындар сайысы өткізліп жеңімпаздар марапатталды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында **«Кітаппен өткен демалыс күнім қызықты»** айдарында Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына орай «Ыбырай Алтынсарин-балалар әдебиетінің атасы» тақырбында 3-4 сынып оқушыларымен әдеби-кеш өткізілді.

1-тоқсан қорытындысы, мектептің ішкі тәртіп ережелерінің сақталуы, оқушылардың сабаққа қатысуы бойынша мәселелер қаралды. 7-11 сынып ұл балаларымен «Әке–бәйтерек, бала–жапырақ», «Ұл бала мен қыз бала сыйластығы», «Зиянды әдеттердің алдын алу», «Салауатты өмір салтын насихаттау» тақырыптарында, 7-11 сынып қыз балаларымен «Сәлем сөздің анасы», «Жеке бас гигиенасы», «Бой түземей–әуелі ой түзеу», Қыздар сұлу көрінер қылығымен» тақырыптарында жиналыстар өткізілді.

Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай 2021 жылдың 20 қазан – 20 қараша аралығында «Бала құқығы–адам құқығы» тақырыбында іс-шара жоспары жасалынып, іс-шара негізінде барлық сыныптарда «Бала құқығы–асыл қазына», «Жаман әдеттерден жиренейік», «Бақытты бала – бақытты ана–бақытты отбасы-бақытты ел» тақырыбында сынып сағаттары мен спорттық ойындар өткізілді. Арыс АПБ ЖПҚ КТІЖ УПИ полиция майоры Е.Бейдалиев пен ДТІЖО, мектеп педагог- психологының ұйымдастыруымен уақытша ұстау абақтысына, түзету мекемесіне 2021 жылдың 12 қараша күні 9-11 сынып

оқушылырының ішінен құқық бұзушылыққа бейім 10 оқушыға құқық-бұзушылықтың алдын-алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Осы оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында Арыс қалалық музейіне экскурсия жасалынды.

Оқушылардың қанша пайызы зиянды әдеттердің (шылым шегу алкагольді ішімдіктер, есірткі заттары) денсаулыққа тигізетін әсері жайлы хабардар ету мақсатында 8-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Сауалнамаға 76 оқушының 69 –ы қатысты.

Оқушылар арасында келеңсіз жағдайлардың алдын алу, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу мақсатында тәрбиенің 8 бағыты бойынша оқушылармен сынып сағаттары аптасына бір рет жоспарға сай өткізіліп отырды.

1 желтоқсан күні - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күні, 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының 30-жылдығы мен 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына орай барлық сыныптарда сынып сағаттарымен ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Атап айтсақ, 6 «а» сынып жеткшісі С.Асанова, 6 «ә» сынып жеткшісі А.Егізбаева, 7«а» сынып жетекшісі Ш.Бостанова, 8 «а» сынып жеткшісі Б.Сегізбаева, 9 «а» сынып жеткшісі Г Мырзабекованың өткізген ашық тәрбие сағаттарын атап өтуге болады.

6-10 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздікке тарту» тақырыбында онлайн оқулар өткізіліп бейнероликтер жасалынды.

Тәлімгер А.Нысанбайдың ұйымдастыруымен 7-10 сынып оқушылары арасында «Желтоқсан желі - ызғарлы» және «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сурет байқауын өткізді. «Желтоқсан – ұлттық өрлеу мен рухани жаңғырудың ұлы күші» тақырыбында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Д.Шерханованың ұйымдастыруымен 7-10 сынып оқушылары арасында шахматтан, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі М.Игібаевтың ұйымдастыруымен 9-11 сынып оқушылары арасында волейболдан, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Б.Айтбаев пен кәсіподақ ұйымының төрайымы Г.Байысбайдың ұйымдастыруымен мұғалімдер арасында «Көңілді мәре» бойынша спорттық жарыстар өткізіліп, жеңімпаздар марапатталды. Қалалық әжелер алқасы мен бірге «Тәуелсіздік белесі –ұлы арман кемесі» тақырыбында мерекелік кеш өткізілді. Арыс қаласының ардагерлер кеңесінің төрағасы Т.Әсіл, әкелер кеңесінің мүшесі Н.Исаев мырзалар қатысып, желтоқсан оқиғасының арқасында талай жылдар бойы армандаған егемендікке қол жеткізгенімізді жас ұрпаққа түсіндіріп өтті.

Кітапханашы Г.Байысбайдың ұйымдастыруымен «Желтоқсан оқиғасына 35 жыл» тақырыбында көрме өткізілді. 1-11 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік жетістіктері» мен «Желтоқсанның мұзда жанған алауы» тақырыбында мектеп фойесіне бүкпе қағаздар мен қабырға газеттері қойылды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай берілетін демалыс күні 2021 жылдың 01 желтоқсан күні, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай, 2021 жылдың 16-19 желтоқсан күндері, жаңа жыл мерекесі мен қысқы каникул кезінде 2021 жылдың 27 желтоқсан күнінен 2022 жылдың 3 қаңтар күндері кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылық алдын алу мақсатында 2021 жылдың 27 желтоқсан күнінен 2022 жылдың 3 қаңтар күндері түнгі кезекшілік рейдтер жүргізілді. Кәмелетке толмағандардың түнгі мезгілде үлкендерсіз жалғыз жүрмеуіне, түнгі уақытта ойын-сауық орындарында болмауына, жұмыс істеуіне жол бермеу мақсатында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Жунисов пен мектеп инспекторы Е.Бейдалиев мобильді топ мүшелері қатысты. Сағат түнгі 19:00-ден бастап 00:00 ге дейін жалғасатын рейд

барысында қаланың көшелері мен саябақтар, батырлар алаңы ,кафе, ойын-сауық клубтары ,тойханалар жіті тексерілді. Іс-шара кезінде Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңына сәйкес қадағалаусыз және панасыз қалған жасөспірімдер анықталған жоқ. Оқушылар арасында жаңа жылдық мерекелерді болдырмауды, мектепте, мейрамханаларда, кафеде, үйлерде және басқа да ойын-сауық орындарында кештер (отырыстар) өткізуге қатаң тыйым салынғандығы ескертілді. Мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарына қауіпсіздік техникасы таныстырылып, пиротехникалық заттарды пайдалануына қатаң тыйым салынғандығы туралы 1-11 сынып жетекшілеріне міндеттелініп, тіл хат алынып, қысқы қаникул кезінде қауіпсіздік ережелерімен ата-аналар таныстырылды. Жаңа Жыл мерекесінің жақындауына байланысты рейдтік шаралардың жүретіндігін ескертті.

Мектептің оқу-тәрбие жоспарына сай тәрбиенің сегіз бағыты бойынша жұмыстар атқарылды.

1. Сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен барлық сыныптарда «Қауіпсіздік демалыс» тақырыбында бейнероликтері мен жаднамаларымен ата-аналар мен оқушылар таныстырылды.
2. Бастауыш сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен оқушыларды шеберлікке баулу мақсатында «Өз қолыңызбен жасалған сыйлық-ең керемет сыйлық!» тақырыбында оқушылардың өз қолынан жасалған жаңа жылдық сыйлықтарын ең жақын адамдарына тарту етті.
3. 5-7 сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен отабасылық сыйластықты арттыру мақсатында «Жаңа жылмен құтықтаймыз, отбасылық тілек сыйлаймыз!» құттықтау бейнеролигі жасалынды.
4. 8-10 сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен отбасылық қадір-қасиетті арттыру мақсатында «Жаңа жыл – отбасылық мереке» тақырыбында фотоколлаж байқауы ұйымдастырылып өткізілді.
5. Көркем еңбек пәні мұғалімі Қ.Ысмайыл 4- 6 сынып оқушылары арасында «Жаңа жыл символы» тақырыбында сурет байқауы өткізілді.
6. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Н.Шонжан 5-7 сынып оқушылары арасында «Бәрімізге ортақ хобби» тақырыбында шахматтан сайыс өткізілді.
7. Тәлімгер А.Нысанбайдың ұйымдастыруымен 1-7 сынып оқушылары арасында «Ғажайып Жаңа жыл» тақырыбында ән-би сайысын өткізді.
8. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 5-9 сынып оқушылары арасында «Менің отбасым – бақытты мекені» тақырыбында эссе байқауы»Менің құнды байлығым-менің отбасым!»тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.
9. Тоқсанына бір рет ата-аналар үшін «Ашық есік» күні өткізілді.
10. «Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу, болдырмау жолдар» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.
11. «Әкемнің кәсібі», «Менің анамның мамандығы» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларынан шығарма алдынды және «Жасыл аймақ» мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.
12. «Достықты қалай түсінесің?» тақырыбында Жусупова Ұлбосын диспут өткізді.